



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

мақалалар, ғылыми жобалар жазу, 37 % студенттердің ізденісі, қосымша білімін дамыту, ал қалған 14 % әдебиеттермен жұмыс жасау десе; ғылыми жұмыспен жиі айналысасыз ба, жылына қанша рет? – деген сауалға студенттердің 76 % «жоқ», ал қалған 24 % «иә» деп жауап берген. «Ғылыми мақала жазғанда сізге не қиындық туғызады?» - деген сауалға қазақ тобының студенттерінің басым бөлігі қазақ тіліндегі мәліметтер санының аздығын айтса, қалған бөлігі тақырып таңдау кезінде қиындықтар тудырады және ғылыми жетекші жұмысының жеткіліксіздігін айтып өтті. «Университетте, факультеттеңізде сізге ғылыми жұмыспен шұғылдануға қолайлы ма?» - деген сауалға студенттердің басым бөлігі қолайлы, себебі педагогтар көмектесіп, өз ойларымен еркін бөлісе біледі. «Сізге ғылыми жұмыспен айналысуға қандай көмек болғанын қалайсыз?» - деген сауалға жиі конференциялар, қызықты іс-шаралар, ақпараттандыру бұрыштары, 1-курс студенттері үшін ғылыми жұмысты жазу тәртібімен тәжірибесі мол оқытушылардан кеңес болса және ғылыми жетекші бізбен жұмыс жасауға көбірек уақыт бөліп, әдебиеттермен жұмыс жасауды үйретсе, - деп жауап берді.

Студенттердің берген жауаптарынан көріп отырғанымыздай, студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына деген қызығушылықтарын арттыруда ғылыми жетекшінің кеңес беруге уақытының шектеулілігі, әдебиеттер санының аздығы, ақпарат жеткіліксіздігі және тағы да басқа жағдайлар кедергі келтіретіндігін көруімізге болады.

Ойымызды түйіндейтін болсақ, студенттердің ғылыми зерттеу жұмыстарына қызығушылығын дамытудың педагогикалық-психологиялық жолдары ретінде келесідей ұсыныстарды ұсынғанды жөн көрдік: студенттермен ғылыми жетекшілер тікелей жұмыстар атқарса, тәжірибелік жұмыстар өткізуге арналған арнайы программалармен жабдықталған кабинеттер ашылса, студенттік конференциялар және тағы да басқа шаралар өткізу барысында студенттерге үнемі қолдау көрсетілсе.

Қолданылған әдебиет

1. Мәдени-философиялық энциклопедиялық сөздік. – Алматы: Раритет, 2004. – 320 б.
2. Ерментаева А.Р. Жоғары мектеп психологиясы: Оқулық – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2012. – 492 б
3. Маратқызы. Д. Студенттердің психологиялық-типтік ерекшеліктері. // Ұлағат. 2011. №2. 144 б.
4. С.Қ.Бердібаева. Тұлға психологиясы (Оқу құралы). – Алматы: «Алла прима» ЖШС, 2008. – 155б.
5. Тұрғынбаева Б., Сүлейменова Қ. Студенттердің ғылыми зерттеу жұмыстары білім сапасын арттырудағы мүмкіндіктері // Ұлт тағылымы, 2011. №2. 24-28 б.

УДК 371. 13: 174

БОЛАШАҚ МАМАННЫҢ КӘСІБИ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ИМИДЖІ

Хамзина Күлшат Бақытжанқызы

hamzina_67@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Сламбекова Т.С.

Кез келген мамандықтың қызметінде субъектінің белгілі бір мінез-құлқы және нақты іс-әрекетінің көрінісі болады.

Имидж - белгілі бір адамда нақты қалыптасқан болса, пікір де сондай айқын болуы мүмкін: имидж адамның тек сыртқы түріне қарап қалыптаспайды, сонымен бірге психикасына да тәуелді. Пікір бағалау негізінде, темперамент, мінез қасиеттерімен және алғашқы әсерден пайда болуы мүмкін. Сондықтан бұл терминдер «имидж», «пікір» мазмұны жағынан мағыналас. Бұлардың айырмашылығын келесіден көруге болады: «имидж» сөз

тіркесінде дұрыс қолдану типі «адам имиджі» (педагог-психолог, адвокат имиджі) деп қолданылады, ал пікір сөз тіркесінде «адам пікірі» деп пайдалану керек. Сонда өзінің имиджін қалыптастыру немесе өзі туралы пікір қалыптастыру болып шығады. Басқаша айтқанда, имидж - бұл сізден, ал пікір-басқалардан. Имидж табиғаты, типтері, мазмұны мен түрлері, құрылымына тоқталсақ назарымызды мына нәрселерге аударуымыз қажет. Біздің әр қайсысымыз белгілі бір бейнені жасаймыз. Бұл имидж – адам туралы қалыптасқан ұғым-түсінік. Мұғалім имиджі олардың: сыртқы бейнесінен, әдетінен, сөйлеу мәнерінен, ұлттық және өзіндік санасынан, ұлттық менталитетінен іс-әректінен, мінез-құлқынан жасалған оны қоршаған әлеуметтік ортаның ой-пікірінен құралады [1,28].

Егер адамдардың қарым-қатынасына талдау жасалса, әрбір адамның шамалы болса да психолог екені көзге көрінеді. Мінез-құлықтың ерекшеліктеріне қарап, адамның ойы, сезімдері туралы, мінезі, қабілеті және оның басқалармен қарым-қатынасы туралы айтуға болады.

Мимикасын, дауысын, мінез-құлық ерекшеліктерін талдай отырып, эмоциональдық жағдайын, көңіл-күйін және басқа адамға деген ниетін анықтауға болады.

Сондықтан да болашақ маман кәсіби-педагогикалық имиджді қалыптастыру үшін психологияны білуі қажет.

Ал психикалық құбылыстармен күнделікті өмірде барлық мамандар кездесіп отырады (психикалық бейнелер және ұғымдар, түйсіктер мен қабылдаулар, есте сақтау және ойлау қабілеттері, зейін мен ерік, эмоция мен түс көру, тұлғаның қасиеттері мен күйлері). Психология ғылымы адам белсенділігінің, оның мінез-құлығының, қарым-қатынасының, іс-әрекетінің заңдылықтарын ашады. Психология ғылымы басқа адамның мінез-құлығына әсер етудің жолдарын анықтап, өзін-өзі басқаруы бойынша нұсқаулар жасайды. Ол адам интеллектісі мен қабілеттерін, индивид қасиеттері мен топтарын анықтаудағы әдістерін береді.

Адам, өз “Менін” және қоршаған ортаны бейнелей отыра, өз белсенділігін реттей отырып, үнемі психикалық құбылыстарға енеді, бірақ оны ол саналы түрде ұқпайды. Психология пәні көптеген өмірлік ұғымдарды бітірушінің сөздік қорына енгізеді. Университеттік білімі бар адам үшін бүгінгі күні “психика”, “қабылдау”, “мотив”, “қарым-қатынас” деген сөздерді білмеуге болмайды. Сондықтан да, ХХІ ғасырда психология ғылым ретінде өзекті болады.

Психология жан туралы немесе адамның психикасы туралы ғылым. Психика - адамның ішкі дүниесі. Психикаға қоршаған орта, адамдармен қатынас әсер етеді. Ал психиканың құрамына кіретіндер:

- қоршаған ортаны түйсіну;
- қоршаған ортаны қабылдау;
- ойлау;
- зейін;
- есте сақтау;
- қиял, эмоция, түйсік;
- сезім;
- әдеттер;
- мінез;
- сөйлеу;
- ниет, тілек;
- қызығушылықтар.

Яғни, психика – адамның динамикалық өзгермелі ішкі көңіл күйі[2,31].

Толығырақ жеке-жеке тоқталсақ:

Қоршаған ортаны қабылдау түйсіктің, естің, ойлаудың, эмоциялардың бір уақытта қатарласуымен жүзеге асады. Қабылдау – заттар мен құбылыстардың мида тұтастай бейнеленуі болып табылады.

Түйсік – сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының жеке қасиеттерінің сезім

мүшелеріне тікелей әсер етуінен болған мидағы бейне.

Қоршаған ортада сезінген және қабылдағандарды еске сақтауда адамның миы маңызды рөл атқарады: түйсікпен сезеді және барлық ақпаратты есте сақтайды. Зейін қабылдау, еске сақтау, ойлау, қиял үрдістерінен туындайды.

Ойлау – сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының байланыс қатынастырының миымызда жалпылай және жанама түрде сөз арқылы бейнеленуі. Ойлаудың ерекшелігі оның сөзбен берілуінде. Ойлау – мәселені шешу қабілеттілігі. Ал, эмоция – қуану, қайғыру, қорқыныш, тандануды білдіреді. Мотивация – көздеген мақсатқа жету үшін өзін және басқаларды жұмысқа ынталандыру. Мотивация адамдарда болатын әртүрлі қажеттіліктерге негізделген.

Қажеттілік – адам ағзасының жете түсінуге міндетті емес бір нәрсеге мұқтаждығы. Мақсат – мінез-құлықтың кейбір сәтінің жете түсіндірілген соңғы нәтижесі. Тілек және ниет – бұл мінез-құлықтың ішкі оятушылары.

Демек, психология – өте күрделі ұғым, өйткені адам табиғатының өзі күрделі. Ал әрбір адам өз мінез-құлқымен ерекшеленеді.

Мінез-құлық – бұл адамның тұтастай белсенділігі, яғни белгілі қажеттіліктердің орнын толтыру үшін бағытталады. Адам мінез-құлқы, іс-әрекеті арқылы өзінің атқарып жатқан қызметін жүзеге асырады. Мұнда болашақ мамандардың атқаратын қызметін қимыл-қозғалыспен де жүзеге асыратыны сөзсіз. Осыған сәйкес болашақ маман өзінің іс-қимылы арқылы қандай ортаға жататындығын көрсетеді. Мысалы: көп жылдар қызмет еткен мұғалімнің сөз сөйлеу манері ерекше көрінеді. Сол сияқты қозғалысы, өзін ұстауы жылдар бойы қалыптасады. Яғни, мұнда айтқымыз келгені адамның қимыл-қозғалысы атқаратын қызметіне байланысты, адам қызметін атқару арқылы белгілі қимыл-қозғалыс, өзін ұстау стилі қалыптасады.

Біздің ойымызша кәсіби мінез-құлық субъектінің психологиялық анықтау барасында жүзеге асады. Субъектінің қалыптасуы белгілі бір жағдайларға байланысты қалыптасады.

Яғни, тұлғаның іс-әрекеті қандай да бір жағдайларға байланысты, ол:

Агрессивті өзін-өзі ұстауы, көбіне басшылық жасау барысында қолдануы. Әрине бұл қазіргі кезде қолданбауға тырысатын мінез-құлық. Агрессивті мінез-құлық көп жағдайларда митинг, ереуілдерде ғана қолданылады.

Девианттық мінез-құлық бұл іскерлік мінез-құлыққа қарама-қайшылық келетін әрекет. Бұнда тек қана теріс, қоғамға сәйкес емес іс-қимыл, әрекеттерді атайды.

Іскерлік мінез-құлық субъектінің белгілі бір қызмет атқару барысында жүзеге асатын әрекетін айтады. Болашақ мамандардың болашақта өзінің кәсіби тұрғыда, соның ішінде іскерлік имиджінің қалыптасуын айтады.

Тұлғаның іскерлік мінез-құлқының қалыптасуы оның қоғамдағы алатын беделінен, оның қызметінің өсуіне тікелей байланысты болады. Яғни болашақ маман қызмет атқару барысында өзінің мінез-құлқымен беделін өсіреді. Яғни оқушылар алдындағы беделін көтеретін тағы да бір әрекет ол мұғалімнің мінез-құлқы мен әрекеті болып табылатыны белгілі.

Болашақ мамандар үшін өз имиджін қалыптастыру барысында ой-өрісінің де жоғары дәрежеде дамыту маңызды. Ойлау дегенді бір ғана анықтамамен жеткізу мүмкін емес деп ойлаймыз себебі, интуитивтік ойлау, логикалық ойлау, стратегиялық ойлау бұлардың бәрі әр тұлғада әр түрлі қалыптасқан.

Соңғы кездері стильдік ой-өрісін қарастырып жүр. Біздің ойымызша стильдік ой-өріс кәсіби имидждің қалыптасуына тікелей әсер етеді.

Ойлау үрдісі тез арада ұғып алу, оны өндіру, өз шешімін шығару арқылы жүзеге асады. Сол сияқты болашақ маманның имиджін қалыптастыруда бұл мәселе өзекті болып табылады. Мұғалім ол жалғыз өзі топпен жұмыс істеу барысында бірнеше мәселелерді шешу міндетті, осыған байланысты ол ой-өрісін дамытып отыру керек. Болашақ маманның имиджін қалыптастыру да тек қана білімі мен сыртқы көрінісін ғана дамыту емес, осымен бірге ой-өрісін дамыту маңызды. Мықты болашақ маманды жан-жақты дамыған маман

ретінде көруіміз керек.

Адамның ой-өрісі бұл өте күрделі жүйе. Ой-өріс жүйесін дамуы тұлғаның өзіне байланысты. Әрине, әрбір адамдар туғаннан ерекше ойлау қабілетіне ие болып туады, бірақ оны әрі қарай дамыту адамға байланысты, көп еңбектену керек. Ой-өрісін дамытуға көптеген тәсілдер бар. Болашақ маманың ойлау қабілетін дамыту үшін жан-жақты жұмыс істеу керек, соның ішінде болашақ мұғалімдер топпен жұмыс істеу үшін өзін алдын-ала дайындап алу керек. Логикалық ойлау, терең ойлау т.б. қабілеттер болашақ маманға ең қажетті құрал десек болады.

Ойлау өрісінің сапасы сильдік ой-өрісінің қалыптасу механизміне байланысты. Болашақ маман болашақта шығармашылық табысқа жету үшін және соның нәтижесін көру үшін ең басты кәсіби білімі мен қызығушылық керек. Осы арқылы тұлға жан-жақты жүзеге асыру арқылы әлеуметтік ортада өз орнын табады, яғни тұлға ретінде ерекшеленіп, өзінің кәсіби имиджін қалыптастырады.

Американдық психолог Дж.Уотсон жеке тұлғаның жеке имиджін бағдарламалауға қатысты үш негізгі оқытушылық үрдісін атап кетті. Бірінші ол сөз сөйлеудегі біліктілігі, мәтінді ешқандай өзгертулерсіз нақты айту. Екінші теориялық анықтамалар мен сараптаманы талап ететін қиын алгоритмді шешімдері бар тапсырмаларды шешу. Үшінші формаға субъектіні қиын жағдайға қалдыратын, жаңа шешімдерді талап ететін тапсырмаларды шешу. Бұнда Дж.Уотсон ойлау бұл тек қана оқуда ғана қолданатын орталық ой-өріс деп қана қоймай барлық кеңістікте қолданылатынын айтып кетеді[3,48].

Ой-өріс құрылымы – бұл шешім қабылдау процесінде қолданатын ойлаумен өзара қатынасы бар, болашақ мамандардың имиджін қалыптасыруда маңызды болып табылатын. Болашақ маманның кәсіби шеберлігінің артуы тікелей ой-өрісінің дамуымен тікелей байланысты болып табылады. Осыған сәйкес болашақ маман тек қана бір жүйеде ғана дамымай, толықтай ой-өрісінің дамуы сапалы келешегінің болуын айтып кетуіміз керек.

Болашақ мамандар өз мамандығын дұрыс таңдауы қажет. Жалпы психологияның негізі бойынша белгілі бір мамандықты таңдауда болашақ маманның мамандықты таңдаудағы мотиві маңызды болып табылады. Осы мотив саналы немесе саналы емес болады. Ал жоғары оқу орнын бітірген болашақ маман кәсіби таңдау жасауға тиісті. Ал дұрыс таңдалған кәсіп болашақ маманның кәсіби имиджін қалыптастыруға, келекешектегі іс-әрекет тиімділігіне, еңбекпен қамтамасыздануына, кәсіби дәрежесін көтеруге ұмтылысы мен кәсіби өсуіне негіз болады.

Жеке тұлғаның іс-әрекеті тек қана атқарып жатқан қызметіне ғана байланысты емес, сонымен қатар оның қоғамдағы ролі, білімі, мәдениетіне байланысты болып табылады. Болашақ маманның қызметінде жан-жақты өсуі тек қана біліміне ғана байланысты емес, сондай-ақ оның өмірлік тәжірибесіне байланысты. Мысалы: осы заманға жан-жақтылығы, мәдениеттілігі, әлеуметтік-психологиялық тұрғыда дайындығы, индивидуалдық өмір сүру стилі оның ішінде іскерлігіне қайшы келмейтін мінез-құлқы. Әр тұлға қоғамда өз рөлін атқарады, болашақ маман да өмірде өзінің белгілі бір рөлін атқарады. Яғни, болашақ мұғалім имиджі белгілі бір талаптарға сәйкес, беделді, қызметін шеберлікпен атқара алатын тұлға, онда өзін төмен санайтын, өзін бағаламайтын мінез-құлықтық болмауы талап етіледі. Мұндай жағдайда өзін бағаламайтын мұғалімнен тәлім-тәрбие алған оқушы болашақта мемлекетке тірек болатын азамат болып шықпайтынын атап айту қажет. Яғни, жан-жақты, беделді, өзіне сенетін болашақ маман мықты мемлекеттің кепілі болып табылады. Осыған сәйкес болашақ маманның имиджін қалыптастыру маңызды мәселе болып табылады.

Ал, психологиялық қызмет жоғары оқу орындарының отбасы, басқа әлеуметтік институттарымен бірлесіп болашақ маманның моральдық құндылықтарын, кәсіби имиджін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Өмір талабы қазіргі күні әрбір қадамды психологтың нұсқауларымен салыстыруды талап етеді. Осы ереженің сақталуы болашақ маманның кәсіби имиджін қалыптастырудың деңгейін көтереді және олар қазіргі бәсекеге қабілетті маман ретіндегі талаптарға сай болар еді.

Қорытындылай келе, жоғарыда қарастырылғандар өзекті мәселелердің бірі болып

табалытынын атап кеткеніміз жөн. Кәсіби мінез-құлық имиджі болашақ маманның, өмірлік тәжірибесіне, беделіне, өзіндік бағалауына, сыртқы белсенділігіне тікелей әсер етеді. Адам тұлға ретінде қызметіне сәйкес белгілі мінез-құлық пайда балады және сол белгілі кәсіби іскерлік мінез-құлықты ұстанады. Осы арқылы оның қоғамға қажеттілігі мен рөлі жүзеге асырылады. Болашақ маманның болашақта беделді болуын өзінің мінез-құлқы мен іс-әрекеті арқылы жинайды.

Қолданылған әдебиет

1. Зязюн И. А Основы педагогического мастерства. – Киев: Высшая школа, 1987. – 208с.
2. Ж.Молдабеков, А.Маханбетова, А.Оралбекова Кәсіби этика: Оқулық. –Астана, 2008. -160 б.
3. Управление персоналом в условиях социальной рыночной экономики/Под научн.ред.проф.,д-ра Р.Марра, д-ра Г.Шмидта. – М.:Изд-во МГУ, 1997. – 480 б.

УДК 316.356.2:364.2

СЕМЕЙНОЕ НЕБЛАГОПОЛУЧИЕ КАК ОСНОВНОЙ ФАКТОР СОЦИАЛЬНОГО СИРОТСТВА

Унгефуг Зарина Викторовна

89_zarina@mail.ru

Магистрант 2 курса специальности «Социальная педагогика и самопознание»

ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – Г.К. Длимбетова

Современная семья является важнейшей социальной средой формирования личности и основным институтом психологической поддержки и воспитания, отвечающим не только за социальное воспроизводство населения, но и за воссоздание определенного образа жизни, образа мыслей и отношений. Несомненно, общество заинтересовано в прочной, духовно и нравственно здоровой, благополучной семье. Семья создаёт тот фундамент, на котором в дальнейшем будет строиться собственная жизнь ребёнка. Дети начинают познавать мир только во взаимодействии со взрослыми и самыми близкими из них являются родители. Они призваны создавать благоприятные условия для выживания и развития детей, охранять их интересы и защищать права, но как показывает практика, именно взрослые чаще всего ущемляют и нарушают эти права. На фоне общего неблагополучия в детской среде особенно острым является вопрос о сиротстве. Среди причин того, что дети оказываются без родительского попечения помимо бедности, алкоголизма родителей важное место занимают психологические причины, к которым можно отнести негативный детский опыт родителей, бытовое насилие, жестокое обращение с детьми, нарушение структуры семьи и так далее.

В основе социального сиротства, по мнению ряда учёных (И.А. Алексеевой, И.Г. Новосельского и др.), лежит целый комплекс социально-экономических, психологических, медицинских факторов, которые можно объединить в несколько групп:

1. Факторы, связанные с родителями и семьёй: наличие негативного детского опыта у родителей; злоупотребление алкоголем отцом или матерью; тяжёлые заболевания у родителей; негативные особенности личности родителей; низкий уровень социальной адаптации; разобщённость в семье, бедность социальных связей, нарушения в отношениях между родителями; насилие по отношению к ребёнку.

2. Факторы, связанные с ребёнком: дети с особенностями развития и характера; психические заболевания, инвалидность ребёнка; школьная дезадаптация; девиантное поведение ребёнка.

3. Ситуационные факторы: трагические события (смерти, пожары и др.); потеря жилья и работы, выраженные материальные проблемы; попадание в зону военных действий